

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2024-2025оқу жылы

Білім беру ұйымы Нұра ЖББМ «Айгөлек» шағын-орталық
Тобы: «Жұлдыз-ай»Кіші топ
Балалардың жасы: 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 7-11 сәуір 2025жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	(Біртұтас тәрбие бағдарламасы).Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік				
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет) Күй күмбірі .(Біртұтас тәрбие бағдарламасы).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: "Отбасыдағы әке, ана, ата-әже тәрбиесі және баланың дамуы", "Баланың өз ойын нақтылы жеткізуі қай жастан басталу керек?". Өнегелі 15 минут (Біртұтас тәрбие бағдарламасы)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қалағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Асық ату»				
	Ойын-имитация "Жас қарағай". Мақсаты. Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру. Құралдар: қарағайдың суреті. Жас қарағай Жас баладай Қаз тұрды да, бойлайды. Тауды аралай, тасты аралай, Жүгіріп жел, ойнайды.	«Ғажайып хатқалта» дидактикалық ойын. Мақсаты: хатқалтадан шығарылған суреттердегі заттардың атауын дұрыс атау. Шарты: педагог суреттерді кезекпен шығарып, заттардың атауын дауыстап атайды; балалар суретке қарап қызығады, педагогтің соңынан атауға тырысады. (физикалық ,әлеуметтік эмоционалды, коммуникативтік іс	Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Торғай-торғай тоқылдақ" Мақсаты. Балаларды торғай ойыншығына қарап, халық ауыз әдебиетінде сақталған тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. (шығармашылық , әлеуметтік эмоционалды, коммуникативтік іс	«Сикырлы қыстырғыштар» дидактикалық ойыны Мақсаты. Балаларға қажетті түсті қыстырғыштарды, тактильді сезімдерді, екі түсті кезектесіп тұратын қыстырғыштарды таңдауға үйрету, шығармашылық қабілетін дамыту. (шығармашылық , әлеуметтік эмоционалды, коммуникативтік іс әрекет)	«Құстар» ойын-имитациясы. Мақсаты. Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық мәдениетін дамыту; көркем сөзді айту, қуанту қабілетін қалыптастыру. Құрал-жабдықтар: құстардың маска-тақиялары. Қарлығаш боп ұшайық, Қарға болып секірейік. Торғай болып қонайық, Тоқылдап боп шоқиық. (шығармашылық , әлеуметтік эмоционалды,

	Ш. Мәмбетов (физикалық әлеуметтік эмоционалды, коммуникативтік іс әрекет)	әрекет)	әрекет)		коммуникативтік іс әрекет)
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені №1 (сәуір айына арналған)				
Ұйымдастырылған іс- әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сәлеметсіңдер ме, ағаштар! Сәлеметсіңдер ме, үйлер! Сәлеметсіңдер ме, гүлдер! (шығармашылық әлеуметтік эмоционалды, коммуникативтік іс әрекет)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру "Егейік көктем ағашын". Мақсаты. Балаларды құм салынған қаптарды оң және сол қолмен тік бағытта лақтыра білуге үйрету; лақтыру кезінде қол, аяқ үйлесімділігін сактай білуге жаттықтыру; құм салынған қаптарды екі қолмен кезек лақтыру техникасын меңгерту. Балалардың құм салынған қаптарды оң және сол қолмен тік бағытта лақтыра білу қабілетін дамыту; лақтыру кезінде қол, аяқ үйлесімділігін сактай білу дағдыларын меңгерту; құм салынған қаптарды екі қолмен кезек лақтыруда қол, дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; құм салынған қаптарды екі қолмен	Музыка "Жасыл желек" Мақсаты. Педагог балалардың ән айту кезінде орындықта дұрыс отыру калыптарын қадағалайды. Ән айтуда балалар тез шаршап қалмас үшін дұрыс тыныс алу техникасын жетілдіру үшін дауыстық аппаратқа арналған қысқа және ұзақ демді алу жаттығуын жасатады. Бұл жаттығулар баланың дыбыстық аппаратын жетілдіріп, ән айту кезінде еркін дем алып, дем шығаруына жағдай жасайды.(шығармашы лық , әлеуметтік эмоционалды, коммуникативтік іс	Дене шынықтыру "Еңбегіне қарай өнбегі." Мақсаты. Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін жүргізу; психогимнастика жасау құм салынған қаптарды оң және сол қолмен тік бағытта лақтыру техникасын жетілдіру; ептілікке тәрбиелеу.(шығармаш ылық , әлеуметтік эмоционалды, коммуникативтік іс әрекет) «Тенге алу» ойыны	Дене шынықтыру "Еңбек ептілікті сүйеді." Мақсаты. Балаларды бір қатарға тұрғызып, құм салынған қаптарды оң және сол қолмен тік бағытта лақтыру техникасын дамыта отырып, оқу қызметін пысықтау, ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.(шығармаш ылық , әлеуметтік эмоционалды, коммуникативтік іс әрекет) «Алтыбақан» ойыны	

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 2024-2025оқу жылы

Білім беру ұйымы Нұра ЖББМ «Айгөлек» шағын-орталық

Тобы: «Жұлдыз-ай» Кіші топ

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 14-18 сәуір 2025жыл

Күні әртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	(Біртұтас тәрбие бағдарламасы).Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік				
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет) Күй күмбірі. (Біртұтас тәрбие бағдарламасы)..				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: "Бала неге өзімшіл?", "Жомарт мінезді баланы қалай тәрбиелеуге болады?", "Тентектік пе, агрессивті мінез-құлық па?", "Гиперактивті мінез-құлықтың белгілері". Өнегелі 5 минут(Біртұтас тәрбие бағдарламасы)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарын күтуге, үлкен жапырақтардың бетінен шаңды сүлгімен сүртуге қызықтыру, үлгі көрсету, мақтау, қолдау. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет) Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Арқан тарту»				
	Саусақ жаттығуы. "Қолдарымыз дос болсын". Мақсаты. Балаларды көркем сөзді айтып, белгілі қимылдарды жасауға үйрету; тіл мәдениетін дамыту; қуанышқа бөленуге баулу. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет)	Саусақ жаттығуы. Мақсаты. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлену білу қабілетін қалыптастыру. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет)	Ұлттық ойын. Теңге ілу Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20- 30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайысқер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр	Құрылыс материалдарынан құрастыру жаттығуы. "Мұнара". Мақсаты. Балаларды текшелер, призма және кірпіш құрылыс материалдарынан мұнара және өзге қарапайым құрылыстарды жасауға дағдыландыру; жасалған жұмысынан	Саусақ жаттығуы. "Қолдарымыз дос болсын". Мақсаты. Балаларды көркем сөзді айтып, белгілі қимылдарды жасауға үйрету; тіл мәдениетін дамыту; қуанышқа бөленуге баулу. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет)

			тұсында бөтелуге болмайды. Ұпайар сайыскердің іліп алған тенгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет)	жағымды әсер ала білу қабілетін дамыту. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет)	
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені №2 (сәуір айына арналған)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуен жазбасын қосу. - Балалар, қане, күлейік, Ән-күйлермен бөлісейік. Шенберге шығып жүріп, Әдемі биді билейік. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру "Дөп-дөңгелек шаңырақ". Мақсаты. Балаларды допты екі қолмен басынан жоғары көтеріп лақтыруға үйрету; лақтыру кезінде қол, аяқ үйлесімділігін сақтай білуге жаттықтыру; допты екі қолмен лақтыру техникасын меңгерту. Балалардың допты екі қолмен басынан жоғары көтеріп лақтыру қабілетін дамыту; лақтыру кезінде қол, аяқ үйлесімділігін сақтай білу дағдыларын меңгерту; допты екі қолмен лақтыруда қол, дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; допты екі қолмен лақтыру техникасын меңгерту; лақтыру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйрету.	Музыка "Әлди, әлди, бөпешім!" Мақсаты. Балаларды әнді тыңдай отырып, сипаты мен сөздік мағынасын түсіне білуге үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру. (әлеуметтік эмоционалды, шығармашылық коммуникативтік іс әрекет)	Дене шынықтыру "Допты лақтыру техникасы". Мақсаты. Балаларды допты екі қолмен басынан жоғары көтеріп лақтыру техникасын дамыту; допты екі қолмен бастан жоғары көтеріп лақтыру кезінде ептілікке тәрбиелеу. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет) «Асық ату» ойыны	Дене шынықтыру "Допты лақтыру техникасын пысықтау". Мақсаты. Балаларды бір қатарға тұрғызып, допты екі қолмен басынан жоғары көтеріп лақтыру техникасын бекіту; оқу қызметін пысықтау; допты екі қолмен бастан жоғары көтеріп лақтыру кезінде ептілікке тәрбиелеу. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет) «Күш сынасу» ойыны	

	(әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет) Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Арқан тарту»				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін таңуға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет) Өзіне өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру				
Серуен	Аспанды бақылау. Мақсаты. Балаларды аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқауға, түсін атауға ынталандыру; зейінін, түйсігін дамыту. Тап-таза көгілдір алаң, Бұл - жердің шатыры аспан. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет) "Құлыншақтар" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды құлыншақтардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; белгі бойынша жан-жаққа бағыттау немесе бір жерге топтасып жиналу дағдыларын қалыптастыру; бір-біріне соғылмай жүгіруге үйрету; жағымды эмоцияларға бөленуге тәрбиелеу. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет) "Шенберден шықпа"	Көлеңкені бақылау. Мақсаты. Балаларға жерге түскен көлеңкелерін, олардың адамның қимылын қайталайтынын байқату, жағымды көңіл-күйге бөлену қабілетін дамыту. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет) "Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет) "Өз орныңды тап" қимылды ойыны. Мақсаты: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал	Желді бақылау Мақсаты. Балаларды, бұтақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет) Жалаушалармен ойын. Мақсаты. Балаларды көркем сөзді тыңдап, ырғағына сай жалаушаларды ұстап қимылдауға үйрету, соңғы "жалауша" сөздерін белгі ретінде қабылдап, қосылып айтып, қолдарды көтеріп, жоғарыда бұлғауға ынталандыру. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет) "Әткеншек" қимылды ойыны.	Көлеңкені бақылау. Мақсаты. Балаларға жерге түскен көлеңкелерін, олардың адамның қимылын қайталайтынын байқату, жағымды көңіл-күйге бөлену қабілетін дамыту. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет) "Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет) "Өз орныңды тап" қимылды ойыны. Мақсаты: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа,	Бұлттарды бақылау. Мақсаты. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтарға және тағы басқа бейнелерге ұқсайтындарына көңіл аудару. "Аспанда". Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. Қ. Мырзалиев. (әлеуметтік эмоционалды, шығармашылық коммуникативтік іс әрекет) "Бірге жүріп, ойнаймыз" шеңбер ойыны. Мақсаты. Балаларды

		эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет)			эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет)
Балалармен жеке жұмыс	Аманжолов Амир "Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы. Мақсаты: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау жаңбыр Жау жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерін шөп болсын! (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет)	Жеңіс Ахмет Музыкадан ойын-жаттығу "Бесік жыры". Мақсаты. Педагог балалардың ән айту кезінде орындықта дұрыс отыру қалыптарын қадағалайды. Ән айтуда балалар тез шаршап қалмас үшін дұрыс тыныс алу техникасын жетілдіру үшін дауыстық аппаратқа арналған қысқа және ұзақ демді алу жаттығуын жасатады. Бұл жаттығулар баланың дыбыстық аппаратын жетілдіріп, ән айту кезінде еркін дем алып, дем шығаруына жағдай жасайды.(әлеуметтік эмоционалды, шығармашылық, коммуникативтік іс әрекет)	Аманжолов Амир Достық туралы мақал-мәтелдермен таныстыру. Мақал-мәтелдерді үйрету. 1. Досы көпті жау алмайды. 2. Ағаш тамырымен мықты, Адам достарымен мықты. 3. Жүз теңгең болғанша. Жүз досың болсын!(әлеуметтік эмоционалды, коммуникативтік іс әрекет)	Жеңіс Ахмет «Достық ережесі» дидактикалық сөздік ойын. Шарты: педагог достық ережесін айтады. Балалар «Иә не жоқ» деп жауап береді. 1. Достарға ойыншыққа таласуға болады (Жоқ!) 2. Достар тату ойнайды. (Иә!) 3. Достар бір-бірін ренжітеді. (Жоқ!) 4. Достар бір-бірін күтіп, кезек береді. (Иә!) 5. Достар бір-бірін мазактайды. (Жоқ!)(әлеуметтік эмоционалды, коммуникативтік іс әрекет)	Аманжолов Амир "Допты қуалап ұста!" қимылды ойыны. Педагогтің қолында себетке салынған доптар. "Хоп!" деген белгімен педагог доптарды еденге домалатып жібереді. Балалар доптың артына жүгіреді, әрбіреуі бір доптан алып себетке салады, педагог себетті баланың жоғары көтерген қолының деңгейінде ұстайды және балалар өз орындарына барады. Тапсырманы әр бала 2-3 реттен орындайды. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет)
Балалардың үйіне қайтуы	Әңгімелесу: "Бала неге өзімшіл?", "Жомарт мінезді баланы қалай тәрбиелеуге болады?", "Тентектік пе, агрессивті мінез-құлық па?", "Гиперактивті мінез-құлықтың белгілері".				

Тексерілді:  А.К.Момбекова

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 2024-2025 оқу жылы

Білім беру ұйымы: Нұра ЖББМ «Айгөлек» шағын-орталық

Тобы: «Жұлдыз-ай» Кіші топ

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 21-25 сәуір 2025 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	(Біртұтас тәрбие бағдарламасы). Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік				
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет) Күй күмбірі. (Біртұтас тәрбие бағдарламасы).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: "2-3 жасар балалардың сөйлеу ерекшеліктері", "Сөздік қор" дегеніміз не?", "2-3 жасар баламен қалай сөйлесу керек?". Өнегелі 15 минут (Біртұтас тәрбие бағдарламасы).				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстел ойындары сәресінің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру: ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру: әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау. Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Қыз жарыс»				
	"Шелпек" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балалардың тілін дамыту, қолдың таза болуын байқап жүруге үйрету, денсаулықты сақтау қағидаларын игеруге ынталандыру. Педагог суреттерді қолдана алады. - Әли жеңіске жетпек, Тәртіпті емес, тентек. Жуылмаған қолында, Ай-ай-ай, майлы шелпек. (әлеуметтік эмоционалды, шығармашылық коммуникативтік іс әрекет)	"Көліктердегі дөңгелектерді салып бер" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Балаларды көліктердің кескіндеріне, көлеміне сай дөңгелектерді таңдауға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен мөлшерлеу, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Шарты: әрбір көліктің көлеміне сай дөңгелектерді салып беру. (әлеуметтік	Әтеш (қораз) ойыншығымен ойнату. Мақсаты. Балаларға көркем сөзді тыңдап, педагогтің соңынан қораздың қимылдарына еліктеуге, эмоционалды жауап беруге ынталандыру. Құралдар: қораз ойыншығы немесе суреті. - Қораз! Қораз! Тыңдашы біраз. Алтын сенің айдарың. Көрініп тұр айбарың. Терезеден бір қара, Бұрышақ берем	"Шелпек" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балалардың тілін дамыту, қолдың таза болуын байқап жүруге үйрету, денсаулықты сақтау қағидаларын игеруге ынталандыру. Педагог суреттерді қолдана алады. - Әли жеңіске жетпек, Тәртіпті емес, тентек. Жуылмаған қолында, Ай-ай-ай, майлы шелпек. (әлеуметтік	"Туған жер" тақпағын мәнерлеп оқу, суретпен танысу. Мақсаты. Балаларды туған жер туралы тәпәкты тыңдап, қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларға бөленуге үйрету; туған жер туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. (әлеуметтік эмоционалды, шығармашылық коммуникативтік іс әрекет)

	шылық коммуникативтік іс әрекет)	эмоционалды, шығармашылық коммуникативтік іс әрекет)	мың дана. Д. Ахметова (әлеуметтік эмоционалды, шығармашылық коммуникативтік іс әрекет)	эмоционалды, шығармашылық коммуникативтік іс әрекет)	
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені №2 (сәуір айына арналған)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады. Неткен сұлу көктем шақ! Қоғалда өскен бақбақ. Сары түс мұнда көп екен, Күннің көзі – нұр көктем. (әлеуметтік эмоционалды, шығармашылық коммуникативтік іс әрекет)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру Допты алдарындағы догадан домалатып өткізу. Кеглилер арасымен қос аяқпен секіру. Қимылды ойын: «Доп шеңбер ішінде» (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет) Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Қыз жарыс»	Музыка "Жайқалған гүлдер". Мақсаты. Балаларды әуенді сезіну және музыканың әртүрлі темпі мен ырғағын ажырата білу қабілеттеріне үйрету; балаларда таныс аспаптар дыбыстарын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; қарапайым ырғақты қимылдарды есте сақтай отырып, орындай білуге үйрету (шығармашылық, коммуникативтік, физикалық іс әрекет)	Дене шынықтыру Ирелеңдеген баудың бойымен еркін жүру. Нысанаға дейін еңбектеу. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет) Қимылды ойын: «Құмыраны толтыр»	Дене шынықтыру Допты алдарындағы догадан домалатып өткізу. Кеглилер арасымен қос аяқпен секіру. Қимылды ойын: «Доп шеңбер ішінде» (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет)	
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Желді бақылау. Мақсаты. Балаларды ағаштардың бұтақтарына қарап, желдің қалай	Көктемгі ауа райын бақылау. Мақсаты. Балаларға көктем мезгілі жөнінде	Желді бақылау. Мақсаты. Балаларды ағаштардың бұтақтарына қарап,	Күнді бақылау. Мақсаты. Балаларды күннің аспанда орналасуын және	Жаяу адам жүретін жолды бақылау. Мақсаты: Көшеде жүру ережелері

соғатынын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Желдің сөкканын байқайық. Желектерге бір қарайық: Жел бұталарды шайқайды, Жапырақтармен ойнайды. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет) Жалаушалармен ойын. Мақсаты: Балаларды көркем сөзді тыңдап, ыргакка сай жалаушалармен қимылдауға үйрету, соңғы "жалауша" сөздерін сигнал ретінде қабылдап, қосылып айтып, қолдарды көтеріп, жоғарыда бұлауға ынталандыру. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет) "Аюдың орманында" қимылды жаттығу. Мақсаты: балалардың бір-біріне қатығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет)	жалпы ұғымдарды беру, күннің жылынын, құстардың келуіне назар аудару; қардың ерін жатқанына, адамдардың жеңіл киінгенін байқату; ойлау қабілеттерін, зейінді, жағымды эмоцияларды дамыту. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет) "Құмалақтар" қимылды ойыны. Мақсаты: Балалардың бір топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын жетілдіру. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет) "Әткеншек" қимылды ойыны. Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Әткеншек-ау, әткеншек, Айнала бер бізбенен. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет)	желдің қалай соғатынын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Желдің сөкканын байқайық, Желектерге бір қарайық: Жел бұталарды шайқайды, Жапырақтармен ойнайды. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет) Жалаушалармен ойын. Мақсаты: Балаларды көркем сөзді тыңдап, ыргакка сай жалаушалармен қимылдауға үйрету, соңғы "жалауша" сөздерін сигнал ретінде қабылдап, қосылып айтып, қолдарды көтеріп, жоғарыда бұлауға ынталандыру. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет) "Аюдың орманында" қимылды жаттығу. Мақсаты: балалардың бір-біріне қатығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре	жарқырағанын байқап, қолдарын жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөлінуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет) "Ей! Бауырсақ, Бауырсақ!" ойыны. Мақсаты: Балаларды сапта марш басу қимылдарына жаттықтыру, педагог көрсеткен қимылдарды жасап, сөздерді қайталап жүруге қызықтыру. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет) "Қолшіктен от" қимылды жаттығуы. Мақсаты: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет)	туралы түсінік алу. Бақылау барысы: Балаларды серуенге шығару. Оларға жолда жүру ережелері туралы әңгімелеп айту, жаяу адамдар жүретін жолға назар аударту. Тротуармен қалай жүру керектігі жайлы түсіндіру. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет)
---	---	---	---	---

	әрекет)		білу қабілетін қалыптастыру.(әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет)		
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту. Сылдырайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Көктем шақырады". Мақсаты. Балаларға көктем мезгілі туралы негізгі ұғымдар беру; көктем мезгіліне тән табиғат құбылыстарын байқап, олардың адам өміріне тигізер ықпалы туралы түсініктерін қалыптастыру. "Көктем шақырады". (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет)	"Аю, тұр! Оянышы!" Мақсаты. Балаларға аюдың көктемгі тіршілігі туралы түсінік беру; балаларды тақпақ жаттату барысында байланыстыра сөйлеуге үйрету; жаңа сөз атауларын айтуға дағдыландыру; көктемгі құбылыстар жөнінде ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың тақпақ жаттату арқылы есте сақтауы мен тілін, зейіні мен зеректігін дамыту. (шығармашылық, әлеуметтік эмоционалды, коммуникативтік іс әрекет)	"Көктем шақырады". Мақсаты. Балаларға көктем мезгілі туралы негізгі ұғымдар беру; көктем мезгіліне тән табиғат құбылыстарын байқап, олардың адам өміріне тигізер ықпалы туралы түсініктерін қалыптастыру. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет)	"Гүлді алқап". Мақсаты. Балаларды қағаз бетіндегі көлденең доғалы сызықтың ұзындығын бақылап, қарындашты үш саусақпен ұстап, сызықтың сол жақ ұшынан бастап, солға қарай сызыққа тигізіп, асықпай көлемдері бірдей дөңгелектерді салуға үйрету. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет)	Балалар екі қатарға бөлініп тұрады, тізілген кеглилерді қолдарындағы допты домалатып, көздеп құлату керек. Әрбір бала өзінің неше кегли құлатқанын есінде сақтауы тиіс. Допты оң қолмен, сол қолмен де домалатуға болады. (әлеуметтік эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс әрекет)
Балалармен жеке жұмыс	"Сылдырмақтармен билеу" жаттығуы. Мақсаты: балаларды музыка ырғағына, педагогтің көрсеткеніне сай қимылдарды орындауға	Үстел - үсті ойыны пазл: «Үйшік құрастыр» Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін дамыту. (әлеуметтік эмоционалды, танымдық, коммуникативтік	"Күндер". Мақсаты. Ермексазdan кесектерді үзіп жұлу, шарларды илеу, бағандарды есу, ұштарын қосу амалдарын	"Сылдырмақтармен билеу" жаттығуы. Мақсаты: балаларды музыка ырғағына, педагогтің көрсеткеніне сай қимылдарды орындауға	Дидактикалық ойын: «Атын атап бер» Мақсаты: түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (әлеуметтік эмоционалды, коммуникат

	дағдыландыру; жағымды эмоцияларды дамыту. (әлеуметтік эмоционалды,шығарма шылық коммуникативтік іс әрекет)	іс әрекет)	игерту.(әлеуметтік эмоционалды,физикал ықкоммуникативтік іс әрекет)	дағдыландыру; жағымды эмоцияларды дамыту.(әлеуметтік эмоционалды,шығарм ашылықкоммуникати втік іс әрекет)	ивтік,танымдық іс әрекет)
Балалардың үйіне қайтуы	Әңгімелесу: "2-3 жасар балалардың сөйлеу ерекшеліктері", "Сөздік қор" дегеніміз не?", "2-3 жасар баламен қалай сөйлесу керек?"				

Тексерілді:  А.К.Момбекова

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2024-2025 оқу жылы

Білім беру ұйымы: **Нұра ЖББМ «Айгөлек» шағын-орталық**
Тобы: **«Жұлдыз-ай» Кіші топ**
Балалардың жасы: **2 жас**
Жоспардың құрылу кезеңі: **31-4 сәуір 2025 жыл**

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	(Біртұтас тәрбие бағдарламасы). Елбекқорлық және кәсіби біліктілік				
Балаларды қабылдау	Таңғы сәуіт: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (әлеуметтік-эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс-әрекет) Күй күмбірі (Біртұтас тәрбие бағдарламасы).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: "Баланы қазақ әдебиеті классиктерінің шығармаларымен таныстырудың маңызы", "Баланың сұрақтарына, қажеттеріне құлақ асу қажет пе?", "Баланың мінезіндегі жаңа қылықтары негіз білдіреді?". Өнегелі 15 минут (Біртұтас тәрбие бағдарламасы)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Туған жер" тақпағын мәнерлеп оқу, суретпен танысу. Мақсаты. туған жер туралы тақпақты тыңдап, қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларға бөленуге үйрету; туған жер туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог тақпақты оқу алдында, балалардың назарын Қазақстанның табиғаты жайлы көріністерге аударады. Тақпақты мимиканың және қолдарының	Саусақ жаттығуы. "Тамшылар". Мақсаты. Балаларды тақпақ сөздерін айта отырып, саусақтармен ойдағыдай қимылдарды жасауға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау, қуанышқа бөлену қабілеттерін дамыту; қардың ерігені туралы ұғымдарын қалыптастыру. - Көк аспанға күн шықты, (алақандарды айқастыра қосу,	"Кең дала" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балаларды кең дала туралы тақпақты мәнерлеп оқуға ынталандыру; жағымды эмоциялық қабілеттерді дамыту. Педагог тақпақты оқу алдында, балалардың назарын гүлденген табиғат өлкесіне аударады. Тақпақты мимиканың және қолдарының қатысуымен оқуға	"Лағым" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балалардың тілін дамыту, ешкінің төлі лақ туралы ұғымдарын жетілдіру; көркем сөзді мәнерлеп айтуға ынталандыру. Құралдар: лақтың ойыншығын немесе суретін пайдалану. "Лағым". Секір, секір, лағым, Тартқанша құмарың! Желіңдесін жел күңгі, Жапырақша құлағың.	Ойын-имитация (қимыл жаттығуы) "Түйелер". Мақсаты. Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру. Құралдар: түйенің суреті немесе ойыншығы. "Түйелер". Өркештерін май басқан, Аяқтарын паң басқан. Аңы қуып, жайылып, Бетегелі белді асқан.

	катысуымен оқуға болады. Көркем сөз. "Туған жер". Туған жер, алтын бесігім, Тербеттің мені төсіңде. Жүреді сенің есімің Ержеткен кезде есімде. Жүреді мәңгі есімде Көкорай далаң, тауларың, Албыртқан аспан төсіңде Жұлдызды тұнық таңдарың. <i>Жарасқан</i> <i>Әбдірашев.</i> (әлеуметтік эмоционалды, шығарма шылық коммуникативтік іс әрекет)	саусақтарды созу, алақандарды ары-бері бұрау) Таратып мың шуақты. Аппақ қарды ерітіп, (саусақтарды ашып, жұму, толқындар жасау) Ағызып мың бұлақты. Тамшыланып ағады, (саусақтармен үстел бетіне, тізеге кезек соққылау) "Там-там-там" – деп соғады, Шатырдан жерге түсіп, Шалшық бетін қағады. Д.Ахметова (әлеуметтік эмоционалды, шығарм ашылық коммуникативтік іс әрекет)	болады. "Кең дала". Алақай-ау, алақай, Дала қандай кең еді! Бәрі өзімдей балақай, Қырдың гүлін тереді. Н.Әлімқұлов (әлеуметтік эмоционалды, шығар машылық коммуникативтік іс әрекет)	Сырт-сырт етіп тұяғың, Би билеші, лағым! Ырғып өтіп жырадан, Басына шық қияның. Ақ лағым, ақ лақ, Мазалама маңырап. Бөпеме де сүт керек, Кете көрме жамырап! С. Желдірбаева (әлеуметтік эмоционалды, шығарма шылық коммуникативтік іс әрекет)	Әнес Нарымбетов (әлеуметтік эмоционалды, физикалы қ коммуникативтік іс әрекет)
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені №1 (сәуір айына арналған)				
Ұйымдастырылған іс- әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Сәлем саған, туған жер! Сәлем саған, туған ел! Сәлем тобым! Сәлем, досым! Сәлем, көркем! Сәлем, көктем! (әлеуметтік эмоционалды, шығармашылық коммуникативтік іс әрекет)				

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру "Еңбектейміз ерінбей!" Мақсаты. Балаларды төрт тағандап доғадан еңбектеп өтуге жаттықтыру; еңбектеу кезінде қол, аяқ үйлесімділігін сақтау икемділігіне машықтандыру; төрт тағандап еңбектеп өту техникасын меңгерту. Балалардың төрт тағандап доғадан еңбектеп өту қабілетін дамыту; төрт тағандап доғадан еңбектеу кезінде денені тепе-теңдікте ұстай білу дағдыларын меңгерту; жоғары секіруде қол, дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; еңбектеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйрету. (физикалық, әлеуметтік эмоционалды, коммуникативтік іс әрекет)	Музыка "Жер-Ана, кең дала!" Мақсаты. Балаларды М. Жаманбашиновтың "Құлыншақ" өлеңін педагогтің соңынан қайталап, басқа балалармен қосылып өлеңді мәнерлеп айтуға талпындыру; шығарма мазмұнындағы сөздер мағынасын түсінуге үйрету; үй жануары – құлынның қозғалу ерекшелігін ажыратуға және қимылмен қайталауға машықтау. (шығармашылық, әлеуметтік эмоционалды, коммуникативтік іс әрекет)	Дене шынықтыру "Еңбек түбі - береке". Мақсаты. Балаларды қолдарындағы гүлдерімен шеңбер бойымен салтанатты адымдатып, жүргізу және шашырай жүргірту; педагогтің белгісі бойынша тоқтап, гүлдерін жоғары көтеріп, бір орында салтанатты адымдау, белгі бойынша қайта жүру іскерліктерін дамыту; төрт тағандап еңбектеп өту техникасын жетілдіру; доғадан төрт тағандап еңбектеп өту кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, епті болуға тәрбиелеу. (физикалық, әлеуметтік эмоционалды, коммуникативтік іс әрекет)	Дене шынықтыру "Еңбек етсең емерсін". Мақсаты. Балаларды қолдарындағы орамалдарымен шеңбер бойымен салтанатты адымдатып, жүргізу және шашырай жүргірту; педагогтің белгісі бойынша тоқтап, орамалдарын жоғары көтеріп, бір орында салтанатты адымдау, белгі бойынша қайта жүру; төрт тағандап еңбектеп өту техникасын қорытындылау; ұйымдастырылған іс-әрекетін пысықтау. (физикалық, әлеуметтік эмоционалды, коммуникативтік іс әрекет)	
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. Өзіне өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту				
Серуен	Бұлттарды бақылау. Мақсаты. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтарға және тағы басқа бейнелерге ұқсайтындарына көңіл аудару.	Желді бақылау. Мақсаты: ленталар көмегімен балаларды желдің күшін анықтауға шақыру, желдің бағытына назар аудару, айту, қандай жел (күшті, әлсіз, жылы, суық, көктемгі). (физикалық, әлеуметтік	Аспанды бақылау. Мақсаты: балаларды аспанмен байланысты ауа-райының сипаттамаларын атауға үйрету, көктемде қандай аспан болатынын айту. (физикалық, әлеуметтік эмоционалды,	Құстарды бақылау. Мақсаты: құстарды сыртқы түрінен атап, ажырата білуге үйрету, олардың әдеттерін, қай жерде өмір сүретінін және немен қоректенетінін, қандай пайда әкелетінін білу. (физикалық	Ауа температурасын бақылау. Мақсаты. Балаларға ауаның температурасын байқауға үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз көңілді балалармыз", "Аю мен аралар". Мақсаты: балаларды

	(шығармашылық ,әлеуметтік эмоционалды, коммуникативтік іс әрекет) "Бұлттар ұқсап ұшайық" қимыл ойыны. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету.(физикалық ,әлеуметтік эмоционалды, коммуникативтік іс әрекет) Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.(физикалық ,әлеуметтік эмоционалды, коммуникативтік іс әрекет)	эмоционалды; коммуникативтік іс әрекет) Мақсаты: еңбек жасау қабілетін жетілдіру, жасалған жұмыстан қанағат алуды үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Маралдарды аулау". Мақсаты: ойын ережелерін сақтауға, педагогтің берген белгісі бойынша әрекет етуге, ептілікті, жүгіру жылдамдығын дамытуға үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту (жүру), зейінді дамыту, қимылдарды үйлестіру.(физикалық ,әлеуметтік эмоционалды, коммуникативтік іс әрекет)	коммуникативтік іс әрекет) Мақсаты: балаларды еңбек әрекеттерін дұрыс орындауға, еңбек майданын үлестіруге үйрету.(физикалық , әлеуметтік эмоционалды, коммуникативтік іс әрекет) Қимыл-қозғалыс ойындары: "Тегіс жолда". Мақсаты: баяу қалыппен жүруді, секіріп, тізе бүгуді үйрету.(физикалық ,әлеуметтік эмоционалды, коммуникативтік іс әрекет) Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Тар жолда". Мақсаты: ептілікті, қимылдарды үйлестіруді дамыту.(физикалық ,әлеуметтік эмоционалды, коммуникативтік іс әрекет)	,әлеуметтік эмоционалды, коммуникативтік іс әрекет) Қимыл-қозғалыс ойындары: "Тез ал, тез қой", "Жұбынды қуып жет". Мақсаты: спорттық ойындарға қатысу дағдыларын дамыту, физикалық дамуға ықпал ету.(физикалық ,әлеуметтік эмоционалды, коммуникативтік іс әрекет) Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Сарбаздар" жаттығуы. Мақсаты: балаларды жорық жаттығуларына жаттықтыру (педагогтің белгісі бойынша бағанаға бірінен соң бірі сапқа тұру).(физикалық , әлеуметтік эмоционалды, коммуникативтік іс әрекет)	ойын ережелерін сақтауға, мәтінге сәйкес әрекет етуге үйрету, физикалық белсенділікті дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Доп лақтыру". Мақсаты: күш сала отырып, ептілікті дамыту.(физикалық ,әлеуметтік эмоционалды, коммуникативтік іс әрекет)
Серуеннен ралу	Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (әлеуметтік эмоционалды,физикалық коммуникативтік іс әрекет)				

	шығармашылық, әлеуметтік эмоционалды, коммуникативтік іс әрекет)				
Балалардың үйіне қайтуы	Әңгімелесу: "Баланы қазақ әдебиеті классиктерінің шығармалырымен таныстырудың маңызы", "Баланың сұрақтарына, қажеттеріне құлақ асу қажет пе?", "Баланың мінезіндегі жаңа қылықтары нені білдіреді?".				

Тексерілді:  А.К.Момбекова